«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін
Ибраимова Анар Ратаевнаның
«Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Этикет – адамдардың жылдар бойы үздіксіз жасаған қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан құбылыс. Коммуникация жүйесінде оны туыстық байланыстар, адамның аты-жөні, кәсіби және қызметтік мансап, қоғамда қалыптасқан тілдік ерекшеліктер бойынша бөліп қарастыруға болады. Сөйлеу этикеті тұлғалар арасында да маңызды рөл атқарады. Өйткені көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін қарсы тараптың қалыптасқан тілдік нормаларын білудің мәні зор. Қазақ және қытай тілдік жүйелерінің дәстүрлі мәдениетінде, әдеп нормаларында, ұлттық құндылықтар жүйесінде, әлеуметтік-саяси дамуында айырмашылық айқын білінеді. Бұл факторлар қазақ-қытай халықтарының сөйлеу тілін, қалыптасқан этикет нормаларын салғастыра зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі жаһандану кезеңінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениетаралық байланыстар екі жақты стратегиялық серіктестіктің маңызды бөлігіне айналып отыр. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тек саяси және экономикалық салалармен ғана шектелмей, дипломатиялық мәдени-гуманитарлық, ғылым, білім беру, цифрлық технология сияқты маңызды бағыттарда да айқын көрініс табады. Мемлекетаралық байланыста сол елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын меңгермей сөйлеу этикетін қолдану коммуниканттар арасында қиындық пен наразылық туғызуы мүмкін. Сұхбаттасушының сөйлеу этикетін немесе тілдік әрекетін дұрыс қолдануы тілдік қарым-қатынаспен бірге адамдардың бір-біріне деген көзқарасы мен сыйластығы деңгейін айқын көрсетеді. Қазақ және қытай халықтарының сөйлеу әрекеті көшпенді және отырықшы өмір сүру заңдылықтарына сүйенуі, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпты осы кезеңге дейін жетті және әрі қарай жалғасын таба береді. Қоғамдағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, өмір сүру дағдылары мен әдебі уақыт өте келе өзгеретін құбылыс, алайда, сол халықтың түпкі тарихы мен болмысы жоғалмайтыны айқын.

Сөйлеу этикеті – қоғамда қабылданған сыпайы, әдепті қарым-қатынас нормаларының жиынтығы. Әр елдің этикет ережелері мен ұстанымдарын білу шет мемлекет өкілдерімен арадағы келіссөздерді табысты жүргізуге ықпал етеді. Белгілі бір коммуникативтік жағдаятта (ресми, бейресми, іскерлік, туыстық т.б.) қолданылатын тілдік формалар арқылы адресанттың адресатқа қарым-қатынасын зерттеу жұмыстың негізгі өзектілігін айқындайды. Коммуниканттардың сөйлеу актісін дұрыс ұйымдастыруы өзара сенімділік пен түсіністіктің орнауына тигізетін әсері мол. Сонымен қатар белгілі бір этностың мәдени кодын, дүниетанымы мен мінез-құлқын бейнелейтін маңызды лингвомәдени феномен болып табылатындығы қазақ және қытай қоғамындағы үлкенді сыйлау, амандасу, алғыс айту әдебі т.б. нәтижелі қарым-қатынас мәдениетін лингвомәдени тұрғыдан талдау диссертациялық жұмыстың қазіргі таңдағы ғылыми өзектілігін көрсетеді. Этикет бірліктері коммуниканттардың өзара байланысы мен адамзат мінез-құлқының маңызды элементі ретінде әрбір этностың тарихи жолмен қалыптасқан сыпайылық нормаларын, мінез-құлық ережелерін және қарым-қатынасқа қойылатын талаптарын бейнелейді және коммуниканттар арасындағы қатынасты тиімді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ғылымдарына тән ұқсастықтар пен ерекшеліктер тіл аясында халықтың рухани материалдық мәдени өмірі аясында зерттеліп, тілдік фактілерді қолдану арқылы мәдени аспектіден зерделенуі диссертациялық зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Қазіргі әлем мәдениетінде жаһанданумен қатар глокализация (өңірлену, жергіліктендіру) үдерістері қатар жүреді. Бұл мағынада қазақ-қытай халықтарының лингвомәдени әлемінің тілдік қарым-қатынастарын зерттеу өзекті ғылыми мәселеге жатады. Жаңа қоғамдық қарым-қатынасқа көшкен қазіргі қауымдастық сипаты ұлттық бітімді танытатын өлшеусіз құндылықтардың бірі – төл мәдениет глокализация екенін мойындап отыр. Бұл бір-біріне ықпалдас, бір-бірінен ажырамайтын құндылық қазіргі қоғам талабы алға шығарған жеке адамды (қоғам мүшелерін) тәрбиелеу, жеке адамның интеллектуалдық ой-өрісінің дұрыс қалыптастыру бағытының негізіне айналып келеді.

Этикалық құндылықтардан, үйлесімділік пен дәйектіліктен ортақ негіз іздеу сұхбаттасушыдан екінші тарап көзқарасының түзу болғанын талап етеді және бұл заманауи өркениеттің өзекті қағидаты. Әдетте, өзгелерді сынау немесе әртүрлі пікір айту қажет болған жағдайда адамдар алдымен өз пікірін білдіреді, содан кейін құрметтейді немесе төмендетеді. Мәселені дұрыс шешудің және шиеленіс туындамауының бірден-бір жолы – сөйлеу этикетін дұрыс пайдалану болғандықтан, диссертациялық зерттеудің өзектілігі деп бағалаймыз.

Қазақ халқының *«үлкенге құрмет, кішіге ізет»* көрсету салт-дәстүрі қытайлықтардың ғасырлар бойы ұстанып отырған Конфуцийшілдік салт-дәстүрімен өте ұқсас. Аталар мен апалар Ақсақалдар мен ел аналары ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көрегендік деп есептеледі. Қазақ ұрпағын кез келген адамды құрметтей білуіне үйретеді. Адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп, жасы мен туыстық қатынасына қарай атау керек. Жанұядағы сыйластық қарым-қатынас – халықтық дәстүр мен мәдениет көрінісі. Демек, әр халықтың өз отбасында ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ережелері мен заңдылықтары болуы тиіс. Баланы кішкентайынан өз отбасын, әке-шешесін бауырлары мен туған-туысқанын сыйлай білген бала өскенде өз Отаны мен халқын, елі мен жерін шын көңілмен сүйіп, қастерлейтін болады.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу екі халықтың тілдік және мәдени қарым-қатынасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаумен тығыз байланысты. Сөйлеу этикетінің дұрыс қолданылуы этнос құндылықтарына құрметпен қарауға, коммуниканттар арасында сенімді қатынас орнатуға және мәдени қақтығыстардың алдын алуға септігін тигізеді. Сыпайы сөйлеу әдебін меңгеру үшін коммуниканттар өзара қарым-қатынас жасайтын мемлекеттің заңдылықтарын, ұлт мәдениетінде қалыптасқан дәстүрін, ділі мен дүниетанымын этикет нормалары мен ережелерін зерделеу диссертациялық зерттеудің тағы бір өзектілігін танытады. Осыған орай қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикетін сол елдердің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діл мен әдеп тұрғысынан зерделеу, ұқсастықтары мен айырмашылығын саралау диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық коммуникация халықаралық қарым-қатынастың маңызды бөлігіне айналуда. Жастардың дәстүрлі мәдениеттен алыстауы, сөйлеу этикеті бірліктерін дұрыс қолданбауы және цифрлық коммуникацияның жастар өмірінде орын алуы этикет тақырыбының зерттелуін қажет етеді. Себебі этикет – мәдениетаралық коммуникацияның негізгі кілті болып табылады. Берілген зерттеу халықтың рухани дүниесін, дәстүрі мен қоғамдық құрылымын, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктерін тануға ықпалын тигізеді және халықаралық байланыстар мен мәдени диалогтар жағдайында өзектілігін арттыра түседі.

Қазіргі кезде ғана емес, жалпы қазақ тіл білімінде мәдениаралық коммуникация мәселесі барлық сөйлеу түрлері бойынша зерттелу үстінде. Қазақ тіл білімінің

коммуникативтік грамматикасы және сөйлеу коммуникациясы теориясы тұрғысынан зерттелуі бойынша кенжелеп қалуы себебінен, сөйлеу әрекетін әр қырынан терең әрі жан-жақты, салыстырмалы, салғастырмалы әдістермен зерттеу аса қажет болып отыр. Осыған орай, берілген зерттеу жұмысы осы сипаттағы мәдениаралық коммуникация мәселесіне арналған ғылыми жұмыстарға негіз болады деп санаймыз.

Зерттеу нысаны: қазақ-қытай халықтарының лингвомәдени әлемінің тілдік бейнесі.

Зерттеу пәні: қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормалары мен олардың тілдік бірліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі **мақсаты** – қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикеті мен ондағы әлемнің тілдік бейнесін салғастырмалы бағытта зерделеу.

Зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу үшін диссертацияда мынадай **міндеттер** алға қойылды:

- тіл біліміндегі этикет әдіснамасын мәдениетаралық коммуникация теориясы тұрғысынан талдау;
- салт-дәстүр, әдет-ғұрып, діл мен рәсімдерді салыстыру арқылы қазақ-қытай тілдеріндегі сөйлеу мәдениетінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;
- қазақ және қытай тілдеріндегі отбасылық этикет нормаларын салғастырмалы бағытта талдау;
- коммуниканттардың ресми және бейресми ортада қарым-қатынас жасау барысындағы сыпайы тілдік апелляцияның түрлерін жіктеу;
- қазақ тіліндегі этикетке қатысты мақал-мәтелдерді топтастырып, мағыналық құрылымындағы ұлттық этикет нормаларына мәдени-семантикалық талдау жасау;
- қазақ және қытай мақал-мәтелдеріндегі этикеттердің этнолингвистикалық сипатын когнитивтік тұрғыдан айқындау;
- Абай мен Конфуций еңбектеріндегі коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті мен ережелердің орын алуы себебінен қос ойшылдың даналық сөздерінің пайда болу тарихына, ортақ тұстары мен ерекшеліктеріне салғастырмалы талдау жасау.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер. Этикет нормалары этикалық әмбебап категорияға жататындықтан оларды зерттеу барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Диссертацияда қазақ және қытай тілдеріндегі этикет бірліктерінің даму үдерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әдіс; көне қытай философиясынан бастау алып қазіргі заманауи санамен ұштастыра байланыстыру үшін логика-семантикалық және құрылымдық әдіс; қос тілдегі этикет бірліктерінің функционалды-семантикалық өрісін түзу үшін жүйелеу әдісі; этикет компоненттеріндегі лексиканы тереңірек түсіну үшін оларды құрамдарға бөлуге көмектесетін компонеттік талдау әдісі; эмотивті-бағалауыштық лексиканың қазақ, қытай тілдеріндегі ерекшеліктерін салыстыру мақсатында салыстыру әдістері, сонымен қатар жалпы ғылым тәсілдеріне тиесілі топтастыру, жүйелеу сияқты әдістері қолданылды. Этикет – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін мен діл тұрғысынан зерттеледі. Сөйлеу этикетінде көрініс табатын мәдениет пен дәстүрді, сөйлеу мәнері мен сөз астарын, ұлттық және мәдени құндылықтарды статистикалық зерттеуден гөрі, когнитивтік, лингвомәдени бағытта талдау ғылыми зерттеудің мақсатын мен міндетіне сәйкес оң ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі бойынша лингвомәдениет және мәдениетаралық коммуникация салалары отандық зерттеушілер тарапынан әртүрлі теориялық және әдіснамалық бағытта зерделенді. Атап айтқанда, қазақстандық ғалымдар Т. Ғабитов, Х. Арғынбаев, Г. Мейірманова дәстүрлі қазақ мәдениеті мен этикеті мәселелерін қазақ тарихымен, мәдениеті мен салт-дәстүрімен байланыстырған; Р. Сыздық,

Ә. Қайдар, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Қ. Жұбанов, Ә. Ахметов, А. Салқынбай, А. Алдаш, Р. Авакова, Г. Смағұлова, Б. Момынова, Қ. Есенова, Т. Ермекова, А. Қобланова, А. Ислам, Р. Атаханова, О. Сапашев, З. Сабитова, У. Камбаралиева, Г. Оразгалиева, А. Қасабек, Ш. Тохтабаева этикетті этнолингвистика, қазақ тілінің мәдениетін, сөйлеу әдебі мен тілдің сыпайылық нормалары тақырыбында зерттеп, құнды еңбектер жазған; З. Шадкам қазақ-түрік, А. Кенжебаева, Ф. Даулет, Қ. Ғабитханұлы, Р. Желдібаева, Р. Досымбекова қазақ-қытай тілдері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Сонымен қатар, қырғызстандық ғалым П. Кадырбекова неміс-орыс-қырғыз, қытай этикет зерттеушісі Ху Явэй орыс-қытай тілдерінің сөйлеу әдебін; ресейлік ғалым Н. Формановская сөйлеу этикеті принциптерін мәдениаралық тұрғыда зерттеген; У. Стернин этикетті халықтың мәдениетімен, менталитетімен және дәстүрімен байланыстырса, шетелдік ғалымдар 夏志强 (Xia Zhiqiang), 陈格 (Chen Ge), 欧丹 (Ou Dan), 熊经浴 (Xiong Jingyu), 田晓哪 Tian Xiaona, 顾曰国(Gu Yueguo), 李宇明(Li Yuming)，周建民 (Zhou Jianming) қытай тіліндегі сөйлеу этикет ерекшеліктері мен этикетті мәдени жетістіктің және қарым-қатынас дағдыларының сыртқы көрінісі екендігін және сол елдің әлеуметтік өркениетінің, адамгершілігі мен тұрмыс-тіршілігінің көрінісі екендігін дәлелдеген. Ал, батыстық ғалымдар Sue Fox, H. Grice, G. Leech, B. Langford, E. Partridge, P.Wallace тіл мәдениеті, прагматика және этикет, ресми және бейресми сөйлеу нормаларын жан-жақты зерттеген.

Диссертацияның теориялық маңыздылығы. Қазақ және қытай сөйлеу этикетін теориялық тұрғыда салыстыра зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынаста, тіл білімі, коммуникация саласында маңызды. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы, ең алдымен, қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормалардың лингвомәдени бағытта алғаш рет зерттелуімен байланысты қарастырылады. Ежелгі дала мәдениетінде пайда болған дәстүрі, өсиеттері мен нақыл сөздерінің, жырлары мен фольклорының, сонымен қатар қытай халқының философиялық көзқарасының, мифологиясы мен мәдени тарихының әдеппен, этикетпен байланысы зерттеу жұмысының негізін айқындайды. Отандық және шетелдік зерттеушілердің тарихи, мәдени, этнографиялық зерттеу еңбектері диссертациялық жұмысқа теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіз болды. Берілген еңбектерге сүйене отырып діні мен ділі әртүрлі қазақ және қытай халықтарының сөйлеу этикетіне салғастырмалы талдау жасалды.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері қазақ және қытай лингвомәдениеті, сөз мәдениеті, мәдениетаралық коммуникация сияқты арнайы курстарда, сонымен қатар мәтін лингвистикасы, когнитивті лингвистика бойынша лекциялық курстарды оқу барысында және осы тақырыпқа қызығушылық танытқан көпшілік қауымға пайдалануға мүмкіндік береді. Шығыстанушы, филолог, аудармашы мамандарға дәрістер ұйымдастыруда, сөйлеу этикеті тақырыбында сөздіктер мен оқу-әдістемелік құралдары мен оқулықтар құрастыруға қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы екі елдің сыртқы істер министрлігіндегі қызметкерлердің күнделікті өзара байланысында, коммуникативтік қызметінде көрінеді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- қазақ және қытай халықтарының этикеті моральдық және этикалық қағидаттарға негізделгені айқындалды. Этикет – ұлт мәдениетінен, әдет-ғұрыптары мен менталитетінен, сол қоғамда қалыптасқан қарым-қатынас заңдылықтары мен тарихи дамуынан, тұрмыс-тіршілігінен пайда болғандығы дәлелденді;

- қазақ және қытай сыпайылық принциптері мен этикет ережелерінің негізі, ұлттық құндылықтары, әлемнің тілдік бейнесі ретінде, тілдік бірліктерінің тұрақты формулалары Гу Үйегуо (顾曰国) критерийлеріне сәйкестеліп сипатталды;

- іскерлік коммуникацияда қолданылатын апелляциялар халық дәстүрі мен шығу тарихының айқын бейнесі. Қазақ және қытай қоғамында көрініс тапқан таңба мен есім хат – жеке тұлғалардың қарым-қатынасқа түсуіне ықпал ететін этикеттің құрамдас бөлігі, ал, *эвфемизм, «бет», «ар», «ождан»* сөздерінің қазақ және қытай тәрбиесіндегі сыпайылық ұғымының ажырамас элементі екендігі анықталды;

- қазақ халқының көшпелі өркениеті мен қытай халқының отырықшы өмір салты – сөйлеу мәдениетінің негізі. Отбасылық этикет аясында қарттар мен ата-анаға, ата-ене мен бауырларға, балаларға, үлкен мен кішіге құрмет құрмет көрсету – халықтар дәстүрінің жазылмаған ережелеріне сәйкес жүзеге асырылғаны нақтыланып, қазақ дәстүріндегі *«тектілік», «қарға»* сөзінің түп-негізі мен шығу тарихы зерделенді;

- қонақ күту әдебі – кішіпейілділікке негізделген ішкі және сыртқы факторлармен тығыз байланысты. Бата – қазақтың рухани мұрасы, ұлттың тәрбиелік дәстүрінің ажырамас бөлігі болып табылатындығы расталды;

- әлеуметтік желідегі сөйлеу әрекеті этикалық нормалар мен стандарттарға негізделген. Ағылшын және орыс тілі лексемалары, сленгтер мен сандық бірліктер қазіргі қазақ және қытай қоғамында жылы лебіз бен көңіл-күй индикаторы ретінде қолданылатындығы айқындалды;

- діні мен ділі, тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен даму тарихы әртүрлі этностардың мақал-мәтелдерінен этикет тақырыбына тән ортақ элементтер анықталып, классификацияланды;

- қазақ және қытай халықтары этикетке жоғары баға беру үшін, сол халық дүниетанымындағы бағалы да асыл заттар мен құндылықтарға теңеп, моральдық қасиеттердің символы ретінде сипатталды *(нефрит, алтын, күміс, аққу, жылқы т.б.)*;

- Абай мен Конфуцийдің қара сөздері мен даналық ойлары адамгершілік, тәрбие, мінез-құлық, яғни, этикет мәселелерімен тығыз байланысты. Шығыстың ұлы ойшылдары әртүрлі кезеңде өмір сүрсе де сыпайылық пен мәдениетке тәрбиелеуге бағытталған философиялық ой қалдырғандығы дәлелденді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарау екі тараушадан, екінші тарау төрт тараушадан, үшінші тарау үш тараушадан құралған.